

Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебі

Құмқұдық ауылы

Бұйрық № 82

1 қыркүйек, 2023 жыл

2023-2024 оқу жылының басталуы туралы

Ақтөбе облысының білім басқармасының 01.09.2023 жылғы № 363 бұйрығы негізінде 2023-2024 оқу жылын ұйымдастыру туралы бастау, барлық қажетті шараларды қабылдау мақсатында

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н:

§1.1 Абай атындағы ЖОББ мектебінің жаңа 2023-2024 оқу жылына дайындығы қамтамасыз етілсін.

1.2 Білім алушылар мен педагогтердің барлық қауіпсіздік шараларын сақтауы бақылауға алынсын.

1.3 Білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толықтыру, үлгерімі төмен білім алушылармен жеке жұмыс жүргізу ұйымдастырылсын.

1.4 Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігімен айқындалған оқу мерзімдері туралы білім беру ұйымдарына, ата-аналар назарына жеткізілсін:

1) 2023-2024 оқу жылының басталуы 2023 жылғы 1 қыркүйек, аяқталуы 25 мамыр болып белгіленсін;

2) Оқу жылының ұзақтығы 1 сыныптарда – 33 оқу аптасы, 2-11 сыныптарда – 34 оқу аптасы

3) Оқу жылы ішіндегі тоқсандар аралығындағы оқушылардың каникулдары кезеңдері: күзгі каникул-7 күн (2023 жылғы 30 қазаннан бастап- 5 қарашаны қоса алғанда), қысқы каникул -10 күн (2023 жылғы 29 желтоқсаннан бастап 2024 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда), көктемгі каникул -11 күн (2024 жылғы 21 наурыздан бастап 31 наурызды қоса алғанда);

1- сыныптарда қосымша каникул -7 күн (2024 жылғы 5 ақпаннан бастап 11 ақпанды қоса алғанда)

1.5 ҚР Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары талаптарының орындалуы қатаң бақылауға алынсын.

1.6 Оқу жоспарын әзірлеуде «ҚР бастауыш, негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы негізге алынсын.

§2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры



Б.Т.Жакупова